ЖШС «Korkem baby» балабақшасы

№1-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

«29» тамыз 2024жыл

Қатысты: 5 адам

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары, балалалардың эмоционалды әл-ауқатын жақсарту үшін ортаны модельдеу».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру, жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту, 2024-2025оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Жаңа оқу жылына серпін беру.

Күн тәртібі

1. Балабақшадағы жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын шығару .
2. 2024 – 2025 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік-нұсқаулық хатпен танысу.
3. Ұжымды жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған мақсат-міндеттермен таныстыру.
4. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар, топтардың перспективалық жоспар, мамандардың жылдық жоспарларын бекіту.
5. Балабақшаның ҰІӘ кестелерін, күн тәртібін бекіту.
6. Тәлімгерлік жұмыс;
7. Педагогтерді аттесаттау ережесіне сай біліктілік санатын бекіту.

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі.

Екінші мәселе бойынша әдіскер педагогтарға топқа бөлінуді сұрады. Бірінші топ: жазғы сауықтыру кезеңіне талқылау жасады, екінші топ: менің жазғы демалысым, үшінші топ: «Бөбекжайым – мейірім мекенім» тақырыбына интелект карта жасауды сұрады. жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңіне қорытынды

жасалды, жазғы демалыс кезеңі талқыланды және бөбекжай мейірім мекені болуы үшін балаларға эмоционалды қолайлы орта ұйымдастырудың қажеттілігі талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып өтті. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды. Бөбекжайдың жас мамандарына тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгерлік жұмыс бойынша жоспар құрылды.

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай психологы Дайрабаева Мәдина Серікқызы педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту, комиссияның құрамы сайланды. Және кәсіподақ төрайымы өзгертілді. Кәсіподан төрайымы болып тәрбиеші бекітілді. Кәсіподақ төрайымының көмекшісі болып Сейтай Асемай тағайындалды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер коучинг өткізді. Педагогтарға интелект карталармен жұмыс жасаудың тиімділігін көрсетті. «Мен 2024-2025 жылы..» деп әр педагог жаңа оқу жылына мақсаттарын жазып шықты. Жылдың соңында осы жазылған мақсаттары бойынша қорытынды жасалатын болады деп атап өтті.

Әр түрлі мәселелер бойынша жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімін қабылданды.

Қаулы:

1. 11 қыркүйекке дейін топтардың жеке іс-қағаздары тапсырылсын.

2. Қыркүйек айының екінші аптасында перспективалық жоспарлар бекітілсін.

3. Топтар көрнекіліктермен жаңартылсын, ҰІӘ-тер дайындықпен жүргізілсін.

4. Топтарда дамытушылық орталықтар жасақталсын.

5. Бөбекжайда қамқоршылық кеңес құрылсын. Аналар, әкелер, әжелер мектебі жасақталсын.

6. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын

Төрайымы Жаркимбаева Ш.Е

Хатшы Турсынбаева М

ТОО Korkem baby балабақшасы

№2-педагогикалық кеңес отырысының

№2 ХАТТАМА

«25» қараша 2024 жыл

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларда тілдік және коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жастағы балалардың өз ойларын нақты, түсінікті және мәдени түрде жеткізе білуін, сұрақ қою, тыңдау, жауап беру дағдыларын қалыптастыру арқылы **тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту**, сондай-ақ балалардың әлеуметтік қарым-қатынасқа бейімділігін арттыру Балалардың тілдік және коммуникативтік дамуының ерекшеліктерін түсіну

1. **Ауызша сөйлеу тілін дамыту** – сөздік қорын кеңейту, сөздерді дұрыс қолдануды үйрету.
2. **Диалогқа қатысу дағдыларын қалыптастыру** – сұрақ қоя білу, жауап беру, пікір білдіру.
3. **Эмоциялық және әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін дамыту** – сәлемдесу, өтініш білдіру, алғыс айту, кешірім сұрау.
4. **Тілдік белсенділікті арттыру** – ойын, әңгімелесу, рөлдік әрекет арқылы коммуникацияны дамыту.
5. **Құрдастарымен ынтымақтастыққа үйрету** – бірге ойнау, ортақ тапсырманы орындау арқылы қарым-қатынас орнату.

Күн тәртібі

1. **Кеңесті ашу** Меңгеруші құттықтау сөзі
2. «Жылулық шеңбер» – танысу және көңіл-күй қалыптастыру жаттығуы әдіскер
3. №1 кеңестің шешімінің қорытындысы
    - **Баяндама** *«Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың жаңа технологиялары»*
    - Кеңестің мақсаты мен маңызын түсіндіру әдіскер
4. Психологиялық тренинг
5. Тәжірибелік бөлім: Театр элементтерімен іскерлік ойын
6. №2 Педагогоикалық кеңестің шешімі.

1. Құрметті әріптестер, қадірлі қауымы! Баршаңызды бүгінгі педагогикалық кеңес отырысына шын жүректен құттықтаймын!

Біздің балабақшамыздың басты мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың бойында тілдік, коммуникативтік, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру. Бұл мақсатты жүзеге асыруда сіздердің еңбектеріңіз ерекше. Әр күні балалармен жұмыс істеп, олардың жүрегіне жылу беріп, тұлға болып қалыптасуына үлес қосып келесіздер. Бүгінгі кеңестің тақырыбы — *«Мектеп жасына дейінгі балаларда тілдік және коммуникативтік дағдыларды дамыту»*. Бұл – заман

талабы, бізден кәсіби жаңашылдықты, ізденісті және шығармашылық көзқарасты қажет ететін бағыт.

2. «Жылулық шеңбер» – танысу және көңіл-күй қалыптастыру жаттығуы

Жүргізуші: әдіскер

Тақырыптық стиль: *«Театр әлеміне саяхат»*

Сахна дәл ортасына әдіскер шығады. Қолында – символдық театр маскасы Әдіскердің бастау сөзі: «Құрметті әріптестер! Бүгін біз жай ғана кеңеске емес, *Театр әлеміне* саяхатқа жиналдық. Әрбір педагог — өз өмірінің басты актері, әр баланың жүрегіне жарық сыйлайтын режиссер.

Жаттығу барысы:

Шеңберге тұру

Барлық педагогтер «сахна алаңына» шеңбер болып орналасады.

Орталықта — театр маскасымен. Әдіскер масканы жоғары ұстап былай дейді:

«Бұл маска – жылы сөздің жарығы. Қазір оны бір педагогтан екінші педагогқа тапсырамыз. Маска кімге жетсе, ол өзін *театр кейіпкері* ретінде таныстырып, бір жылы сөз айтады.»

Мысалы:

– «Мен — Мейірімді Фея. Бүгін сіздерге шабыт сыйлауға келдім!»

– «Мен — Қуаныш клоуны. Бүгінгі кеңес көңілді өтсін деймін!»

– «Мен — Шығармашыл Режиссер. Жаңа идеяларға ашықпын!»

Образбен танысу

Әр педагог өзіне таңдаған кейіпкердің шағын мінез-қимылын көрсетеді.

(Фея — қолымен жарқырау қимылын жасайды,

Батыр — кеудесін тік ұстайды,

Музыкант — әуен ойнағандай қимыл жасайды, т.б.)

«Театрдың ең үлкен күші — оның энергиясында. Ендеше, бір-бірімізге жағымды көңіл-күй жіберейік!»

Қатысушылар бір қимыл таңдайды:

– қол жүрекке

– алақанмен сәл иілу

– қолды кеудеге қойып «рахмет» деу

– немесе сахналық символ: қолды айқастырып «шымылдық ашу» қимылы

Бұл «жылулық толқыны» шеңбер бойынша өтеді.

«Театр жүректен басталады. Бүгінгі жылулық шеңбері сіздердің мейірімділік пен шығармашылықтарыңыздың дәлелі. Ендеше, кеңесіміз де дәл сондай жарқын өтсін!»

3. Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты №1педкеңестің шешімдерінің орындалуы қаннағатталарлық жағдайда екенін айтып өтті.

- **Баяндама «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың жаңа технологиялары»**

Бұл баяндамада мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы заманауи әдістер мен технологиялар қарастырылады. Арнайы ойындар, интерактивті жаттығулар, театралдық әдістер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ИКТ) арқылы балалардың сөйлеу, тыңдау, өз Баланың коммуникативтік дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері;

- ❖ Жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі;
- ❖ Педагогикалық тәжірибеден нақты мысалдар мен практикалық ұсыныстар;
- ❖ Қазіргі заман талабына сай балалардың әлеуметтік және тілдік қабілеттерін дамыту әдістері қарастырылады.

Нәтижесінде, педагогтар өз тәжірибелерінде жаңа технологияларды тиімді пайдаланып, балалардың сөйлеу мәдениеті мен коммуникативтік дағдыларын сапалы түрде қалыптастыра алады.

- **Кеңестің мақсаты мен маңызын түсіндіру әдіскер** Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту саласында педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру;
  Жаңа әдістемелер мен технологияларды тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін көрсету;
  Педагогикалық тәжірибені жүйелі түрде талдау және алдағы жұмысқа нақты ұсыныстар беру.

Әдіскер кеңестің тақырыбы мен күн тәртібін қысқаша таныстырады.

- ❖ Кеңестің негізгі міндеттері мен күтілетін нәтижелері түсіндіріледі.
- ❖ Қатысушыларға кеңес барысында белсенділік танытуға шақыру жасалады.

«Құрметті әріптестер! Бүгінгі педагогикалық кеңесіміз балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытудағы жаңа технологияларды талдауға арналған. Біз бірге жаңа әдістерді үйреніп, тәжірибе алмасып, алдағы жұмыстарымызға нақты жол сілтейміз. Барлығыңыздың белсенді қатысуы — кеңестің табысты өтуінің кепілі.»

4. Психологиялық тренинг
   «Әріпке сыйлық» атты ойын ұйымдастырғалы отырмыз. Инстаграмда хит болып жүрген тренд-ойынның өз нұсқасын жасап көрейік!
   ОЙЫН ҚАЛАЙ ОЙНАЛАДЫ?

   Әрқайсыңыз атыңыздың алғашқы әрпіне сәйкес келетін шағын бір зат әкелесіз.
   Мысалы: А — алма, Г — галстук, М — маркер, С — свеча…
   Жиналғанда бәріміз шеңберге тұрып, әкелген сыйлықтарды бір-бірімізге көңілді !
   Маңызы — бағада емес, көңіл мен атмосферада!
5. Тәжірибелік бөлім: Театр элементтерімен іскерлік ойын

Ойын: «Театр әлемі: Сөйле, әрекет ет, өзара тілдес!»
Қатысушылар 3 топқа бөлінеді:
1-топ: «Қуыршақ театры»
2-топ: «Көлеңке театр»
3-топ: «Импровизация театры»
Әр топ тапсырмасы:
Берілген шағын ситуацияны мәтінге айналдыру
Образдарға ену
Дұрыс дикция, дауыс ырғағы, сөз байлауын қолдану
Қысқа қойылым көрсету (2–3 мин)

1-топ: «Қуыршақ театры»

Мақсаты: Балаларға арналған сценарий бойынша коммуникативтік дағдыларды дамыту.
Тапсырмалар:

1. Әр қатысушы өз қуыршақ кейіпкерін таңдайды және оны таныстырады.
2. Қуыршақ арқылы қысқа диалог құрастырады (2–3 сөйлем).
3. Қатысушыларға бір-біріне сұрақтар қойып, жауап беру арқылы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді.
4. Қысқа сахналық көрініс көрсетіледі (1–2 минут).

Қосымша элемент: Қуыршақтарды қолдану, дауыс ырғағы мен мимиканы көрсету.

2-топ: «Көлеңке театр»

Мақсаты: Коммуникацияны көрнекі түрде, эмоция арқылы жеткізу.
Тапсырмалар:

1. Қара қағаздан немесе экран арқылы көлеңке кейіпкерін жасайды.
2. Көлеңке арқылы қысқа әңгіме немесе сахналық көрініс көрсетеді.
3. Әр қатысушы өз кейіпкерінің әрекетін сөзсіз білдіруі керек.
4. Басқа топ мүшелері көлеңке арқылы көрсетілген ойды немесе сезімді болжайды.

Қосымша элемент: Музыка немесе фондық дыбыстар қолдануға болады.

3-топ: «Импровизация театры»

Мақсаты: Жағдайға икемделу, сөйлеу және бір-бірімен жылдам тілдесу дағдыларын дамыту.
Тапсырмалар:

1. Жаңа тақырып беріледі (мысалы, «Балабақшадағы таңғы сәт», «Сиқырлы орман»).
2. Қатысушылар алдын ала дайындалмай, бірден сахнада әрекет етеді.
3. Әркім өз кейіпкерін ойлап, диалог немесе әрекет арқылы көріністі толықтырады.
4. Басқа топтар көріністі бағалап, кейіпкерлердің эмоциясын, сөйлеу мәнерін талдайды.

Қосымша элемент: Қысқа реквизит немесе костюм элементтерін пайдалану, ойын барысында сергітетін музыкалық эффект қосуға болады.
«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен кері байланыс
Шешімдер:

1. **Қатысушыларға ұсынылды:**
   - Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жаңа технологияларды тәжірибеде қолдану.
   - «Театр әлемі», «Қуыршақ театры», «Көлеңке театры», «Импровизация театры» ойындарын педагогикалық тәжірибеде қолдану.
   - «Жылулық шеңбер», «Екі жұлдыз, бір тілек» әдістерін кеңестің қорытындысы мен балалармен жұмыс барысында пайдалану.
2. **Педагогтарға тапсырма:**
   - Алдағы оқу жылында балалардың тілдік дағдыларын дамытуға арналған шығармашылық жоспарлар құру.
   - Әр топтағы тәжірибелік жұмыстардан үздік мысалдар жинап, келесі кеңеске ұсыну.
3. **Әдіскердің ұсынысы:**
   - Коммуникативтік дағдыларды дамыту барысында педагогтердің шығармашылық қабілетін қолдау.
   - Педагогикалық тәжірибені жүйелі түрде талдап, жаңа әдістерді енгізу.

Қорытынды:

- Кеңес қатысушылары жаңа әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдануға ниет білдірді.
- Кеңес белсенді, шығармашылық атмосферада өтті.

б/б меңгерушісі _____ Жаркимбаева Ш. Е

хатшы _____ Турсынбаева М

ЖШС «Korkem baby» балабақшасы

№3 педагогикалық кеңесінің отырысы

Хаттама №3

Өткізілу орны: Алматы қаласы, ЖШС «Korkem baby» балабақшасы

Өткізілген күні: 27.01.2025ж.

Өткізілген түрі: «Әріптестерімен қарым-қатынас, психологиялық ойындар элементтері бойынша конференция»

Қатысқандар:

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының 1-ші жарты жылдық оқу тәрбие жұмысының қорытындысы».

Мақсаты: Жасалған жұмыс қорытындысын шығару. Педагогтардың назарын балалардың денсаулығына аудару, олардың физикалық жағдайын көтеру және өзінің мәдени-гигиеналық дағдыларын талдау білу қабілеттерін дамыту.

Күн тәртібі:

1. «Өткен №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы»

«Жарты жылдық жұмыстың пайыздағы диагностикалық көрсеткіштер»- әдіскер:

2. Топ тәрбиешілерінің және мамандардың 1-ші жарты жылдық қорытынды есебі.
3. Психологиялық тренинг
4. Көрме
5. Шешім қабылдау.

1. Сәлеметсіздерме, құрметті әріптестер! тәрбиеші болу – шын мәнінде үлкен бақыт! Сіз балалардың жарқын келешегіне жол салып, олардың жүрегіне жылулық пен мейірімділік ұялатасыздар. Сізге тек жақсылық, табыс және әрдайым қуанышты сәттер тілеймін! Балаларға білім мен тәрбие беру жолында әрқашан күш-қуат пен шабыт таба беріңіз Мұғалім- тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені ел болашағының кілті- бүгінгі жас

ұрпақтың қолында. Ұстаздар өз уақытын аямаған, өзгенің бақытын аялаған, адам жанын терең түсінетін, адаммен қарым-қатынаста жоғары адамгершілік қасиетін көрсете білетін, жүзінен жылылық, мейірімді күн нұрындай шуақ шашып, өзіне бауайтын адам. Олай болса еңбек жолдарыңыз сәтті болсын деген тілегімді білдіре отырып №3 педагогикалық кеңесімізді бастаймыз.

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты.

Тәрбиешілердің жұмыстарын сәттілік тілеп өткен педагогикалық кеңестің шешімдеріне тоқталып өтіп шықты. Барлық топ тәрбиешілері дидактикалық ойындар мен үлестірмелі материалдарды жаңартып толықтырмағандықтан ескерту берді.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеті»

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеті олардың ақыл-ойының дамуы мен жалпы білім алу процесінің маңызды кезеңі болып табылады. Бұл жаста балалардың танымдық процестері тез дамып, әртүрлі ойындар, әрекеттер мен тәжірибелер арқылы әлемді түсінуге, білім мен дағдыларды меңгеруге ұмтылады. Балалардың ойлау қабілетін дамыту – тәрбиелеу мен білім берудің негізгі мақсатының бірі.

1. Ойлау қабілетінің дамуының негізгі кезеңдері

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеті үш негізгі кезеңнен өтеді:

- **Сезімдік кезең**: Балалар қоршаған ортаны сезімдері арқылы қабылдайды. Бұл жастағы балалар нақты заттарды көреді, ұстайды, сезеді және оларды саналы түрде қабылдайды.
- **Логикалық кезең**: Балалар нақты заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды түсініп, қарапайым логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырады. Олар бір нәрсені салыстырып, категорияларға бөле ба-стайды.

Абстрактылық кезең: Бұл кезеңде балалар нақты дүниеден абстракция жасап, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге қабілетті болады. Олар ойын арқылы ережелерді үйреніп, ойында әртүрлі жағдайларды модельдеуге тырысады

2. Сөзді балабақша әдіскері жалғастырды. Ол жарты жылдық жұмыстың қорытындысын шығарып есеп берді. Барлық тәрбиешілер жылдық міндеттемелерін орындауда тиісті іс-шараларды өткізуде. Мониторинг

көрсеткіші балалар өз жас ерекшелікеріне сай бағдарламаларының меңгеріліп жүргендігі көрсетті.

Дегенмен, әр топта өз кемшіліктер бар. Ескерту барлық топта азаматтық қорғаныс бұрышын толықтырып ұйымдастыру. Қажет мағлұматтарды жинастыру.

Тәрбиешілерге арналған психологиялық тренинг — бұл тәрбиешілердің кәсіби дағдыларын, эмоционалдық тұрақтылығын және балалармен тиімді қарым-қатынас орнату қабілетін дамытуға бағытталған шара. Мұндай тренингтер балабақшадағы жұмыс барысын жақсартып, тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттырады. Тренингтің негізгі мақсаты — тәрбиешілердің психологиялық денсаулығын сақтау, балалармен жұмыс істеуге дайындықты арттыру және олардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайын нығайту.

Психологиялық тренингтің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- Тәрбиешілердің психологиялық тұрғыдан дайын болуын қамтамасыз ету;
- Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту;
- Стресс пен қиын жағдайларды басқару дағдыларын жетілдіру;
- Балалармен жұмыс істеу кезінде тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін арттыру.

Топ тәрбиешілерінің жарты жылдық қорытынды есептері тыңдалып құжаттары тіркелді.**балабақша мамандарының жарты жылдық есебі** — бұл балабақшада өткізілген тәрбие, білім беру жұмыстарының нәтижелерін, мамандардың жұмысының тиімділігін, балалардың дамуын және осы кезеңде жүзеге асырылған іс-шараларды қорытындылайтын құжат. Қысқаша түсінік беру мақсатында мұндай есепте төмендегідей негізгі бөлімдер қамтылады:**Жалпы мәлімет**: Балабақшадағы жұмыс кезеңі мен мамандардың жалпы саны туралы ақпарат беріледі. Тәрбиешілер, музыка мұғалімдері, дене шынықтыру мамандары, психологтар, тәрбиешілер көмекшілері мен басқа мамандардың қызметі туралы деректер көрсетіледі.**Білім беру жұмыстары**: Тәрбие жұмысының басты бағыттары мен бағдарламаның іске асырылуы туралы

ақпарат. Мысалы, балалардың когнитивтік, әлеуметтік, шығармашылық және физикалық дамуының көрсеткіштері, оқытылған тақырыптар мен дағдылар.

Балалардың дамуы: Балалардың психологиялық, эмоциялық және танымдық дамуындағы өзгерістер. Балаларға жүргізілген тренингтер, оқу-әдістемелік жұмыс нәтижелері, шығармашылық жұмыстар мен оқу жетістіктері туралы деректер.
Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен өткізілген кездесулер, жиналыстар мен кеңестер, олармен бірлесе атқарылған жұмыс. Балалардың дамуын бақылау, ата-аналарға көмек көрсету, оларға арналған ақпараттық шаралар.
Қорытынды: Жарты жылдықтағы жетістіктер мен кемшіліктердің сараптамасы, алдағы кезеңде атқарылатын жұмыстардың жоспары.
Қысқаша айтқанда, бұл есеп балабақшадағы жалпы жұмыс барысын бағалап, әр маманның жұмыс нәтижелерін көрсетіп баяндап өтті.

№ 3 ПЕДКЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. Барлық топ тәрбиешілері балалардың І-ші жартыжылдық (аралық) мониторинг қорытынды есебі берілді
2. Мамандардың балалардың І-ші жартыжылдық (аралық) мониторинг қорытынды есебі (Музыка жетекшісі, жаттықтырушы, психолог) тыңдалды, қанағаттандырылған.
3. Ұсақ саусақ бұлшық еттер мен сенсорлық тәрбиені дамытуға арналған керекті құралдар мен уақытты бағдарлау бөліміне арналған құралдар толықтырылсын.
4. Жылдық міндеттемеге сай Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы табиғат әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру бойынша барлық топтар ашық оқу қызметтерін өткізсін.

меңгерушісі _____ Жаркимбаева Ш.Е

хатшы _____ Турсынбаева М

ЖШС «Korkem baby» балабақшасы
№4 педагогикалық кеңесінің отырысы

Хаттама №4

Өткізілу орны: Алматы қаласы, ЖШС «Korkem baby» балабақшасы

Өткізілген күні: 31.03.2025 ж.

Өткізілген түрі: «Әріптестерімен қарым-қатынас, психологиялық ойындар элементтері бойынша конференция»

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

«Инновация және дәстүр: STEM мен этно-оюлардың байланысы арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»

1. Кіріспе: «Шабыт ағашы» тренингі. Әдіскер
2. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат. Меңгеруші
3. Психологиялық көңіл-күй: «Құшақ хат» жаттығуы. Психолог
4. Баяндама: «Инновация және дәстүр: STEM мен этно-оюлардың байланысы». Әдіскер
5. Практикалық бөлім: Педагогтарға арналған «Шығармашылық лаборатория». Әдіскер
6. «Ұлттық мұра және STEM» тақырыбындағы көрме нәтижелерін талқылау. Тәрбиешілер
7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау. Меңгеруші

ТАЛҚЫЛАУ:

1. Бірінші мәселе бойынша: Әдіскер «Шабыт ағашы» тренингін өткізіп, педагогтардың жаңашылдыққа деген қызығушылығын оятты. Қатысушылар өз тілектерін «ағашқа» ілу арқылы кеңестің негізгі бағытын айқындады.

2. Екінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің (мысалы: ашық оқу қызметтері, құжаттардың реттелуі) толық орындалғаны туралы есеп берді. Орындалмаған тармақтар болса, олардың себебі түсіндірілді.

3. Үшінші мәселе бойынша: Психолог «Құшақ хат» жаттығуын өткізді. Мақсаты — ұжымдағы эмоционалдық жағдайды жақсарту және педагогтар арасындағы сенімді нығайту.

4. Төртінші мәселе бойынша: Әдіскер негізгі баяндамасын ұсынды. Ол этно-оюларды (мүйіз, қошқармүйіз, сынық мүйіз т.б.) STEM (математика, инженерия, технология) құралдарымен қалай ұштастыруға болатынын түсіндірді. Жасанды интеллект көмегімен оюларды модельдеу және 3D форматта құрастыру мүмкіндіктеріне тоқталды.

5. Бесінші мәселе бойынша: «Шығармашылық лаборатория» аясында педагогтар топқа бөлініп, практикалық тапсырмалар орындады. Мысалы: Лего конструкторларынан немесе геометриялық фигуралардан қазақша оюлар құрастыру, цифрлық бағдарламалар арқылы оюлардың симметриясын есептеу.

6. Алтыншы мәселе бойынша: Тәрбиешілер дайындаған көрмеге шолу жасалды. Онда балалардың қол еңбегі мен заманауи технологияны ұштастырған жұмыстары (робототехника элементтері қосылған оюлы бұйымдар) көрсетілді.

ШЕШІМ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдері «орындалды» деп танылып, есептен шығарылсын.
2. Тәрбиешілер оқу қызметінде этно-оюларды STEM элементтерімен (конструкторлар, математикалық логика) байланыстыруды тұрақты түрде қолға алсын.
3. Әр топта этно-STEM бұрыштарын жасақтау немесе толықтыру тапсырылсын
4. Жасанды интеллект және цифрлық технологияларды (оюларды цифрландыру) оқу үдерісіне енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірленсін.

меңгерушісі_____ Жаркимбаева Ш.Е

хатшы _____ Турсынбаева М

ЖШС «Korkem baby» балабақшасы

№5 педагогикалық кеңесінің отырысы

Хаттама №5

Өткізілу орны: Алматы қаласы, КМҚК №116 бөбекжай-балабақшасы
Өткізілген күні: 29.05.2025ж.
Өткізу түрі: *Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі*
Тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»
Мақсаты: Мектепке дейінгі мекемедегі барлық тәрбие-білім беру іс-әрекеттерінің, сонымен қатар әрбір педагогтың жеке кәсіби жұмыстарының жыл бойғы қорытындысын шығару

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп

Жыл басында белгіленген іс-шаралардың орындалу барысы талданды. Мақсатты көрсеткіштерге жету нәтижелері туралы қысқаша шолу жасалды. Педагогтармен орындалған әдістемелік, тәрбиелік жұмыстар аталып өтті

2. Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есебі
Баяндамашылар: Барлық педагогтер
Жетекшілік: Әдіскер
Әр педагог өз тобы бойынша жүргізген оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін таныстырды. Ашық сабақтар, ата-аналармен жұмыс, шығармашылық жобалар, диагностикалық нәтижелер қамтылды. Жетістіктер мен жетілдіруді қажет ететін тұстар талқыланды. Жылдың басында алдарына қойылған мақсаттардың орындалуын талқылады.

3. Тренинг-жаттығу: «Бір жылғы жетістігімізді қорытындылайық»
Жүргізуші: Әдіскер
Мақсаты: Педагогтердің жыл бойы атқарған еңбектерін ұжымдық талдау арқылы жағымды эмоционалды ахуал қалыптастыру
Тренинг форматы:
«Жетістіктер тізбегі» – әр педагог жетістігін атап, стикерге жазып, тақтаға жапсырады

«Мақтан етемін...» жаттығуы – әр педагог жыл ішіндегі басты мақтанышын айтып өтеді

Қорытынды: әдіскер әрбір педагогтің атқарған ісін қысқаша оң бағамен түйіндейді

4. 2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)

Баяндамашы: Әдіскер

Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, дене және эмоционалды құзыреттіліктері бойынша салыстырмалы талдау ұсынылды. Топтар бойынша құзыреттілік деңгейлері диаграмма арқылы көрсетілді. Диагностиканың негізінде келесі оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер қарастырылды

5. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Жетекшілік: Меңгеруші мен әдіскер

Педагогтерге аттестациядан өту талаптары түсіндірілді. 2025–2026 оқу жылына өтініш қабылдау мерзімдері айтылды. Портфолио жинақтау бойынша кеңестер берілді

6. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту

Жаз мезгіліндегі серуендер, экскурсиялар, денсаулық сақтау шаралары, ойындар, спорттық іс-шаралар жоспары таныстырылды. Әр топтың тәрбиешісі мен жауапты тұлғалары бекітілді. Қауіпсіздік шараларын сақтау, ата-аналармен байланыс және ауа райы жағдайына сай баламалы жоспар жасау мәселелері қаралды

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. №4 педкеңестегі шешімдердің орындалуы жақсы деп танылсын.
2. Барлық педагогтер өз есебін сәтті қорғап шықты. Жыл қорытындысы оң нәтижелі деп бағалансын.
3. Құзыреттілік диагностикасының нәтижесі негізінде келесі оқу жылына нақты ұсыныстар дайындалсын.
4. Аттестациядан өтуге ниетті педагогтер тізімі 2025 жылдың маусымына дейін толық бекітілсін.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілді, орындалуы үнемі бақылауда болсын.

меңгерушісі _____ Жаркимбаева Ш.Е

хатшы _____ Турсынбаева М